

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1358 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 348 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2026 № 348 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 62) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 1358 қаулысымен
бекітілген

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 62) тармақшасына сәйкес әзірленді және табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан жеке тұлғаның денсаулығы мен мүлкіне келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидалардың талаптары Қазақстан Республикасының Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлік объектілеріне жатпайтын уақытша құрылыстарға, шаруашылық-тұрмыстық және өзге құрылыстарға, сондай-ақ заңсыз салынған объектілерге, бағалы киімге, сән-салтанат заттарына не қымбат бағалы металдардан жасалған, көркемдік құндылығы бар заттарға, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған кезде сақтандыру объектісі болып табылған, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында айқындалған тәртіппен сақтандырушының қаражаты есебінен өтелетін мүлікке қолданылмайды.

Кейбір жағдайларда табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде тұрғынжайға уақытша (маусымдық) тұруға арналған, қираған немесе меншік иелері мен олардың отбасыларының тұруына жарамсыз болып қалған, әкімшілік аумақтық бірліктің аумағында төтенше жағдай жарияланған кезде меншігінде басқа тұрғынжайы жоқ зардап шеккен адамның меншігінде кемінде екі жыл тұрған құрылыс жатады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 19.04.2024 № 304; өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 04.06.2024 № 435; 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу тәртібі

3. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (залалды) өтеу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға көзделген жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен және (немесе) ұйымдардың қаражаты, азаматтардың, қорлар мен қоғамдық бірлестіктердің ерікті жарналары, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен зардап шеккендердің ең минималды сұранысын қанағаттандыру үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 20.04.2024 № 312 қаулысымен.

3-1. Зардап шеккендердің ең минималды сұранысын қанағаттандыру үшін қажетті мынадай мүлік өтеледі:

1) осы Қағидалардың 2-тармағында көзделген тұрғын үй, пәтер немесе уақытша (маусымдық) тұруға арналған құрылыс;

2) ауылшаруашылық жануарлары;

3) тағамды сақтауға және дайындауға арналған заттар – тоңазытқыш, газ плитасы (электр плитасы) және ыдыс-аяқ шкафы;

4) тамақтануға арналған жиһаз заттары – үстел мен орындық;

5) ұйықтауға арналған жиһаз заттары – кереует (диван);

6) азаматтарға хабар беру құралдарының заттары – теледидар (радио);

7) киім күтіміне арналған заттар – кір жуғыш машина;

8) сумен жабдықтау және жылу беру құралдарының заттары (орталықтандырылған сумен жабдықтау және жылу беру болмаған жағдайда) – су беруге арналған сорғы, су жылытқыш және жылыту қазандығы (тасымалды пеш) ;

9) осы Қағидалардың 2-тармағында көзделген тұрғын үйлердің, пәтерлердің немесе уақытша (маусымдық) тұруға арналған құрылыстардың жылу бөлетін құрылғыларына арналған тұрмыстық отын қоры;

10) мүгедектігі бар адамдардың жүріп-тұруын қамтамасыз ететін арнайы құрал – кресло-арба.

Осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 3) – 10) тармақшаларына сәйкес табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу келтірілген залал мөлшерінің бағалануына сәйкес жүзеге асырылады, бірақ 150 айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

Ескерту. 2-тарау 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2024 № 312 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-2. Меншік иесінде, оның жұбайында (зайыбында) және кәмелетке толмаған балаларында уақытша (маусымдық) тұруға арналған, осы Қағидалардың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген бірнеше құрылысжай болған жағдайда құрылысжайлардың біреуі ғана өтелуге тиіс.

Ескерту. 3-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 04.06.2024 № 435 қаулысымен.

4. Табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан денсаулығына зиян келген зардап шеккендерге денсаулық сақтау ұйымдары тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шегінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық көмек көрсетеді.

4-1 Осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген зиянды (нұқсанды) өтеу үшін жергілікті атқарушы орган Зардап шеккендерге келтірілген материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөнінде комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссия туралы ережені жергілікті атқарушы орган айқындайды.

Ескерту. 2-тарау 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 20.04.2024 № 312 қаулысымен.

4-2. Комиссияның көктемгі су тасқыны құбылыстарына байланысты төтенше жағдай салдарынан тұрғынжайды су басуына байланысты келтірілген зиянды (нұқсанды) бағалауды және оның мөлшерін айқындауды жүргізуі мүмкін болмаған жағдайда зиянды (нұқсанды) өтеу Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы қалыптастыратын ресми статистикалық ақпаратта белгіленген бөлшек сауда бағаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте зиянды (нұқсанды) өтеудің жалпы сомасы 150 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Ескерту. 2-тарау 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Материалдық нұқсан келген зардап шеккендер төтенше жағдай туындаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырып не "электрондық үкімет" веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында электрондық түрде материалдық нұқсанды өтеу туралы өтініш береді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Зардап шеккеннің келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу туралы жеке жүгінуге мүмкіндігі болмаған жағдайда оның туыстары немесе өзге адамдар, сондай-ақ егер зардап шеккен адам кәмелеттік жасқа толмаған болса, оның заңды өкілдері сенімхат негізінде жүгіне алады.

7. Келтірілген нұқсанды өтеу туралы өтінішке:

1) зардап шеккен адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан немесе төтенше жағдайды жою кезеңінде осындай құжат жоғалған немесе жойылған жағдайларда – ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәлік) не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған электрондық нысанда;

2) табиғи сипаттағы төтенше жағдай туындаған кезден бастап немесе төтенше жағдайды жою кезеңінде зардап шеккеннің жойылған және/немесе бүлінген мүлкінің тізбесі қоса беріледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Өтініштер мен құжаттарды тіркеуді жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша материалдық нұқсанды өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында зардап шеккен адамға құжаттарды қабылдағанын растайтын қолхатты бере отырып жүзеге асырады.

9. Материалдық нұқсанды өтеу туралы өтініш осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген құжаттар жергілікті атқарушы органға келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

9-1. Табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан тұрғынжайға ішінара зақым келген жағдайда жергілікті атқарушы орган техникалық тексеру және сметалық құжаттама негізінде оны қалпына келтіру тетіктерінің бірін мыналар арқылы айқындайды:

1) жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мердігер ұйымды тарту;

2) жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған азаматтарға шығыстарды төлеу.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 19.04.2024 № 304; жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 04.06.2024 № 435 қаулыларымен.

10. Жергілікті атқарушы орган өтініш тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде бағалаушының келтірілген нұқсанның мөлшерін бағалауын ұйымдастырады. Бұл ретте бағалау жүргізуді ұйымдастыруға байланысты шығыстар жергілікті атқарушы органға жүктеледі.

11. Мүлікке келтірілген зиянның (нұқсанның) мөлшерін анықтау зардап шеккен адам мен бағалаушының қатысуымен жүзеге асырылады.

12. Келтірілген нұқсанның мөлшерін бағалауды ұйымдастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) зардап шеккен адамның бағалаушыны таңдауы;

2) зардап шеккен адаммен келісім бойынша бағалауды жүргізу уақыты мен орнын анықтау;

3) бүлінген мүлікті бағалауды өткізу;

4) зардап шеккен адамды бағалау туралы есеппен таныстыру.

13. Зиянды (нұқсанды) өтеу мөлшері жоғалған немесе зақымдалған мүліктің тозуын ескере отырып, зиянды (нұқсанды) өтеу кезінде осы жердегі қолданыстағы нарықтық бағасы бойынша бүлінген мүлікті қалпына келтіру (жөндеу) үшін қажетті шығыстарды және/немесе мүліктің зақымдануы

салдарынан оның арзандау мөлшерін не жоғалған мүліктің құнын негізге ала отырып айқындалады. Бүлінген мүлікті қалпына келтіру (жөндеу) шығыстары оны қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар сметасымен немесе калькуляциясымен расталады.

14. Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық тұрғыдан мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізсіз болса, ол жойылды деп саналады. Мүлікті қалпына келтіру, егер бұл ретте мүлікті қалпына келтіруге жұмсалатын шығыстар оның нұқсан келтіру басталған күнгі нарықтың құнының сексен пайызынан асып кетсе, экономикалық тұрғыдан негізсіз деп саналады.

14-1. Қаражат бөлу туралы шешім қабылданғаннан кейін жергілікті атқарушы орган 5 жұмыс күні ішінде тұрғын үй иесімен жөндеу жұмыстарын мердігер ұйымның жүзеге асыруына немесе жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүзеге асыру үшін қаражат төлеуге келісім жасасады.

Жөндеу жұмыстары өз бетінше жүзеге асырылатын болса, келісімде төлем алған тұрғынжай иесінің төлем күнінен бастап алты ай ішінде қалпына келтіру жұмыстарының орындалғаны туралы фото тіркеп есеп беруі туралы ақпарат камтылады.

Тиісті есеп ұсынылмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган бөлінген қаражатты қайтаруға мәжбүрлеу туралы сот органдарына жүгінуге құқылы.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 19.04.2024 № 304 қаулысымен.

15. Комиссия қорытынды шығарғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органымен келісілген қаражат бөлу туралы шешім қабылдайды.

Зардап шеккендерге төлем тиісті шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15-1. Азаматтар жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүзеге асырған кезде қаражат екінші деңгейдегі банктерде, Ұлттық пошта операторында немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге лицензиясы бар өзге ұйымдарда ашылған азаматтардың дербес немесе карт-шотына аударылады.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 19.04.2024 № 304 қаулысымен.

16. Келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеген соң келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында өтелген зиянның (нұқсанның) күнін,

мөлшерін және төлем құжатының нөмірін көрсете отырып, тиісті жазба жазылады.

17. Даулар туындаған жағдайда зиянды (нұқсанды) өтеу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар
салдарынан зардап шеккендерге
келтірілген
зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларына
1-қосымша

Кімге _____

(материалдық нұқсанды бағалау және өтеу жөніндегі комиссия төрағасының Т.А.Ә.) (болған кезде)

_____ мекенжайында тұратын

_____ (өтініш берушінің Т.А.Ә.) (болған кезде)

тел. _____

Материалдық зиянды (нұқсанды) өтеу туралы өтініш

Сізден _____

(оқиғаның сипаты көрсетіледі)

_____ байланысты маған материалдық зиянды (нұқсанды) өтеуді сұраймын.
Материалдық зиянды (нұқсанды) мына мекенжай бойынша

_____ (облысы, ауданы, қаласы, тұрғылықты мекенжайы)
өтеуіңізді сұраймын.

Банк мекемесінің № _____

Филиал № _____

_____ (Т.А.Ә. болған кезде)

атына жеке есепшоты немесе карт-шоты _____

алушының ЖСН № _____

_____ өтінішке мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын:

1. _____
2. _____
3. _____

4. _____
 5. _____
 20 ____ ж. " ____ " ____ Өтініш беруші _____
 (жылы) (күні) (айы) (Т.А.Ә. қолы) (болған кезде)

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар
 салдарынан зардап шеккендерге
 келтірілген
 зиянды (нұқсанды) өтеу қағидаларына
 2-қосымша

Материалдық зиянды (нұқсанды) өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналы

Р/с №	Табиғи сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккеннің Т.А.Ә. (болған кезде)	Келіп түскен күні, кіріс №	Тұратын мекенжайы	Зиянды (нұқсанды) өтеу себебі (төтенше жағдайдың болған орнының, уақыты мен түрінің қысқаша сипаттамасы)	Материалдық зиянның (нұқсанның) мөлшері	Берілген материалдық көмек бойынша төлем тапсырмасының № және күні (тіркеушінің қолы)
1	2	3	4	5	6	7